16202422-1 Конкурс комиссиясына

16202422-1 "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" ЖШС үшін Автобусты жүргізушісімен жалға алу қызметі конкурсның қорытынды хаттамасымен келіспейтінімізді хабарлаймын.Қорытынды хаттамада АдайТрансКом ЖШС біліктілік талаптарына сай емес яғни ұсынылған техниканың жылы 2022 жылдан төмен делінген , алайда біліктілік талаптарында тек 23 орынды автобус болуы тиіс делінген,автобустың жылы көрсетілмеген.АдайТрансКом ЖШС-ның өтінімі негізсіз құлатылған.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның конкурстық құжаттамасының 8 қосымшасында **Ескерту** : Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді деп және

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 11 Бап

7. Әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) мынадай негіздердің бірі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжатты (құжаттарды) ұсынбаған, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған; 2

2) Әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттарда, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде оның сәйкестігін растау үшін қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкессіздік фактісі, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған;

3) дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса.

8. Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерін (бірлесіп орындаушысын) осы баптың 7-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді. Деп көрсетілгенін қаперіңізге беремін.

Сізден жоғарыдағыларды ескере отырып АдайТрансКом ЖШС өтінімін конкурсқа жіберілді деп тануыңызды сұраймын.

АдайТрансКом ЖШС
директоры

Далмаганбетова Ж.А